## САБАҚ ЖОСПАРЫ

| | |
|---|---|
| **Пән** | Тәрбие сағаты |
| **Мұғалім** | Жүсіпқалиева Қаным |
| **Мектеп, сынып** | Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, №42 "Ақ ниет" гимназиясы, 6-сынып |
| **Сабақ тақырыбы** | Тәуелсіздікке 25 жыл |

| | |
|---|---|
| **Мақсаты** | Елін, жерін сүйетін, тарихы мен мәдениетін құрметтейтін, Тәуелсіздік ұғымын қадірлейтін азамат болуға тәрбиелеу. |
| **Күтілетін нәтиже** | A) Тарихтағы Тәуелсіздік алуға үлес қосқан қайраткерлер мен тарихи оқиғаларды біледі.<br>B) Тарихты саралай отырып, Тәуелсіздік ұғымын терең түсініп, талдай алады.<br>C) Тәуелсіздік ұғымының толық мағынасын аша отырып ойын қорытындылай алады. |
| **Керекті жабдықтар** | Компьютер, интербелсенді тақта, үлестірмелер. |

### Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Мұғалім әрекеті | Оқушы әрекеті |
|---|---|---|
| **Кіріспе** | **Сәлемдесу**<br>Сурет қиындылары арқылы топқа бөліну.<br>2 минут.<br><br>Сабақ мақсатын, критерийлерін таныстыру.<br>1 минут. | Топқа бөлінеді.<br><br><br>Сабақтың мақсаты мен критерийлерімен танысады. |
| **Тұсаукесер** | http://bilimland.kz/kk/content/lesson/18618-manggilik_el сілтемесі арқылы Bilimland.kz сайтынан видео көрсетіледі. 6 минут .<br>Мұғалім: Тәуелсіздік ұғымын қалай түсінеміз? – деп сұрақ қойылады. Сұраққа әртүрлі жауаптар болуы мүмкін. Әр оқушы қолындағы суретін тақтаға жапсыра отырып жауаптарымен бөліседі. Тақтада тұрған күннің суретінің жан-жағына сәулелері сияқты суреттерден Тәуелсіздік жолында болған тарихи сәттер мен оқиғалардың көріністері шығады. 7 минут | Сұраққа жауап береді. Сурет қиындыларын жапсырады. |
| **Негізгі бөлім** | Оқушыларға әртүрлі тарихи мағлұматтар жазылған ресурстар беріледі. Ресурстарды топ ішінде оқып, бір-бірімен бөліседі. Топ ішінде бөліскен соң, топ басшылары бір- | Берілген ресурстарды оқиды, топ ішінде талқылайды. Топ |

| | | |
|---|---|---|
| | бірімен топ арасында алмасады (сағат тілі бойымен). Топ басшылар басқа топқа барып өз тақырыптарын түсіндіреді. Солай ауысып отырып барлық топ қамтылып шығады. Топ басшылары өз орындарына отырады.<br>Оқуға 6 минут, талдауға 4 минут, бөлісуге 5 минут беріледі. | арасында талқылайды. |
| **Қорытынды** | Топтар бір-біріне сұрақ қояды. «Бес жолды өлең» әдісі арқылы әр топ тапсырмаларын орындайды.<br>Топтар бір-бірін бағалайды. «Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы бағалау. Рефлексия. Қорытындылау. Мұғалім сөзі. | Сұрақ қойып, жауап береді. Топтар берілген тапсырмаларын орындап оқиды, көрсетеді. |